

7. Mayakova E. V., Khodorenko E. D., Nesterova O. V. model for the development of conditions for the implementation of the educational program of primary and basic general education using the SACERS international scale: results of the discussion//scientific and methodological electronic journal «Concept».-2018. - No. B12.32-38 pp.

8. Ivanova E. V., Vinograd I. A., Nesterova O. V., Mayakova E. V. The quality index of the educational environment is different: research results with the eruption of the Sakera volcano//tgpu bulletin.-2020.- №1(207).- P. 9-12.

9. Ivanova E.V., Vinogradova I.A., Nesterova O.V., Mayakova E.V. THE CONCEPT OF DEVELOPMENT OF EDUCATIONAL CONDITIONS IN MOSCOW SCHOOLS // Modern problems of science and education. - 2019. - No. 4.

URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29131> (date of access: 08/06/2023).

10. <https://marylandexcels.org/wp-content/uploads/2022/10/Conducting-and-Scoring-Your-SACERS-U-Self-Assessment-Video-Transcript.pdf> (internet resource).

Harms T., Jacobs E.V., White D.R. School-age care environment rating scale, Updated edition (SACERS) //training manual.-Teachers College press.-06.12.13.

Ivanova E.V., Vinogradova I.A. Scales SACERS: Results of the study of the educational environment of Moscow schools//European journal of contemporary education.2018. №7(3). P. 509.

ГТАХР 14.25.07.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.034>

Л.А. Шотыбаева,^{1*} F.Э. Абаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау критерийлері негізінде диагностикалық тапырмалар мазмұны іріктелді. Онда кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау ерекшеліктерін анықтау үшін біз инклюзивті білім беру жүйесі дамыған бірқатар шет елдік мемлекеттер, атап айтқанда АҚШ пен Ұлыбританияның ЕБҚ бағалау бойынша заңнамалық жүйесі мен ерекшеліктерін олардың ресми Білім беру сайтынан жинақтадық. Сол критерийлер бойынша диагностикалық тапырмалар іріктеліп, жалпы білім беру мектептерінде эксперимент жүргізілді. Эксперимент мақсаты ЕБҚ балаларды оқыту тиімділігін көтеру үшін кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау критерийлерін нақтылау, соның негізінде диагностикалық тапырмаларды жасақтау және одан алынған ақпаратты оқу процессінде қолдану мүмкіндігін анықтау. Нәтиже математикалық статистика әдістері, атап айтқанда нормадан ауытқу мәні Колмогоров-Смирнов критерийі бойынша анықталса, ал екі топты салыстыру Т-Вилкоксон критерийін» қолдана отырып есептеліп шығарылды. Нәтижесінде ЕБҚ балаларды бағалау нәтижесін оқу үрдісін жоспарлауда қолдану бойынша ұсыныстар жасақталды. Ол ұсыныстар жалпы білім беру мекемелерінде қолдануға бейімделген.

Түйін сөздер: ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар, бағалау критерийлері, бағалау аймақтары.

Shotybayeva L.^{1*}, Abayeva G.¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

ASSESSMENT THE SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS OF PRIMARY SCHOOL AGE CHILDREN AT SCHOOL

Abstract

In this article, diagnostic tasks were selected based on evaluation criteria for primary school age children with SEN, on the basis of which an assessment of special educational needs was carried out. As a result,

differences were revealed between two groups of children "children who have passed the assessment of PMPC" and "children who have passed the assessment at school". To determine the evaluation criteria, we examined the legislative system and features of the evaluation system of a number of foreign countries with a developed system of inclusive education, in particular the United States and Great Britain, from their official education website. Diagnostic tasks were selected according to the same criteria and an experiment was conducted in secondary schools. The aim of the experiment is to clarify the criteria for assessing primary school-age SEN, created diagnostic tasks and determine the possibility of using the information received from them in the educational process to improve the effectiveness of teaching children with SEN. The result of our study was calculated according to the methods of mathematical statistics, in particular according to the Kolmogorov-Smirnov criterion, and the comparison of the two groups was calculated according to the T-Wilcoxon criterion." Based on this study, recommendations were developed on the use of the evaluation results of children with SEN in the planning of the educational process. It is adapted for use in educational institutions.

Keywords: children with special educational needs, assessment criteria, assessment zones.

Шотыбаева Л.А.^{1}, Абаева Г.А.¹*

*¹ Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

ОЦЕНКА ОСОБЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПОТРЕБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В данной статье были отобраны диагностические задания на основе критериев оценки детей с ООП младшего школьного возраста, на основе которых была проведена оценка особых образовательных потребностей. Для определения критериев оценки мы рассмотрели законодательную систему и особенности оценки ООП ряда зарубежных стран с развитой системой инклюзивного образования, в частности США и Великобритании, с их официального сайта образования. По этим же критериям были отобраны диагностические задания и проведен эксперимент в общеобразовательных школах. Целью эксперимента является уточнение критериев оценки ООП младшего школьного возраста, разработка диагностических заданий и определение возможности использования полученной от них информации в учебном процессе для повышения эффективности обучения детей с ООП. Результат нашего исследования был рассчитан по методикам математической статистики, в частности по критерию Колмогорова-Смирнова и Т-Вилькоксона». На основе этого исследования были выработаны рекомендации по использованию результатов оценки детей с ООП при планировании учебного процесса. Он адаптирован для использования в образовательных учреждениях.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, критерии оценивания, зоны оценивания.

Негізгі ережелер. Бұл процесс әр баланың бірегей қабілеттерін, оқу стильдері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тиімді оқуы мен дамуын қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды: қажеттіліктерді анықтау, көп өлшемді бағалау, әртүрлі әдістерді қолдану, жеке бағдарламаларды әзірлеу, ата-аналармен және басқа мамандармен ынтымақтастық. Бағалаудың мақсаты-әр баланың әлеуетін барынша арттыру үшін жағдай жасау, оған табысты оқу және білім беру ортасына интеграциялау үшін қажетті қолдау мен ресурстарды қамтамасыз ету.

Кіріспе. Қазіргі таңда ҚР инклюзивті білім берудің дамуына орай, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың маңызы артып отыр. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау арқылы ғана біз олардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне орай білім бере аламыз. Ал білім беру процессін оңтайландыру үшін оқушы мүмкіндіктерін бағалау өте маңызды.

ҚР ЕБҚ бағалау жүйесі келесідегідей жүзеге асырылады [1]:

1) мұғалімнің (тәрбиешінің) әрбір білім алушының (тәрбиеленушінің) әлеуметтік-эмоционалдық әл-ауқатын және оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін бақылауды, сондай-ақ білім алушы-

лардың жетістіктерін критериалды бағалауды пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесі барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың анықтауын;

2) психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен оқыту қиындықтары бар балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін тереңдете зерделеуін және бағалауын;

3) білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың тереңдетілген тексеру нәтижелері бойынша оқыту қиындықтары бар балаларға ПМПК-ға ерекше білім беру қажеттіліктерін одан әрі бағалауын;

4) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде және оңалту орталықтарында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін пәнаралық командалық бағалау.

Жоғарыда көрсетілген бағалау жүйесі алдыңғы жылдан бері шамамен бір жылдың көлемінде қолданылып келеді. Осы бағалау кезектілігінің ең алғашқы сатысы мектепте немесе балабақшада жүзеге асырылады. Ерекше білім алу қажеттілігі бар баланы алғаш болып, тәрбиеші немесе сабақ беріп жатқан педагог анықтайды. Ендігі кезекте ең алғаш ЕБҚ баланы анықтауда неге назар аудару қажет, басты критерий ретінде тек оқу үлгеріміне назар аударған дұрыс па, ЕБҚ балаға қосымша қандай көмек түрлері қажет деген сұрақтар туындайды. Сондықтан біз бұл мақаланың басты мақсаты ретінде ЕБҚ балаларды оқыту тиімділігін көтеру үшін кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау критерийлерін нақтылау, соның негізінде диагностикалық тапсырмаларды жасақтау және одан алынған ақпаратты оқу процессінде қолдану мүмкіндігін анықтау деп алдық. Кіші мектеп жасындағы ЕБҚ бағалау ерекшеліктерін анықтау үшін біз инклюзивті білім беру жүйесі дамыған бірқатар шет елдік мемлекеттер, атап айтқанда АҚШ пен Ұлыбританияның ЕБҚ бағалау бойынша заңнамалық жүйесі мен ерекшеліктерін олардың ресми Білім беру бойынша сайтынан жинақтадық. Мысал ретінде АҚШ [2] критерийлерін қарастыратын болсақ ерекше білім алу қажеттіліктерін біріншілік бағалау толық және жеке түрде балаға бағытталу қажет. Жалпы тестілеу мен топтық құралдарды қолдану, оның қажеттіліктерін бағалауда белгілі бір деңгейдегі ақпарат бере алғанымен, оның арнайы білім алуға қажеттіліктері мен білім беру бағдарламасының жеке маршрутын жоспарлауға жеткіліксіз деп есептелуіне орай бағалаудың түрлі құралдары мен ата-ана берген ақпаратты қолдана отырып, бала туралы қажетті функциональды, дамытушылық және академиялық ақпарат жинақталады. Толық жеке бағалау құралады:

- баланың денсаулық жағдайы;
- есту және көру қалпы;
- әлеуметтік және эмоциональды статусы;
- жалпы интеллект;
- оқу үлгерімі;
- коммуникативті статусы,
- қимыл координациясы.

– баланы бағалауда қолданылатын тестілер мен тапсырмалар мәдени және нәсілдік дискриминациясыз жүзеге асырылу қажет. Бағалау баланың ана тілінде немесе сол бала сөйлейтін тілде жүргізілу қажет;

– ақпарат жан-жақтан алыну қажет: ата-ана берген ақпарат, дәрігерлер қорытындысы, мектеп мұғалімдерінің мінездемесі және т.б.

– балаға берілетін стандартталған тестілерде нақты мақсаттың көзделуі мен оны білікті маманның жүргізуі;

– балаға қажетті білім беру бағдарламасын ұсынуда бір процедураны негізгі критерий ретінде алмау жатады.

Ал [3] 2009 жылы АҚШ Висконсин білім беру департаментіндегі консультант Lynn Boreson бағалау бойынша тағы да келесі критерийлерді қосты:

– стандартталған тестілер психометриялық тұрғыдан валидтілігі бар және сенімді болу керек;

– егер бағалау стандартты жағдайда жүргізілмесе, бағалау қорытындысында бағалау жүргізу ерекшеліктері жазылу керек

(мысалы: бағалау құралдарын сипаттау);

– бағалау баланың сенсорлық, мануальды және сөйлеу тілінің бұзылыстарын емес, баланың потенциалды мүмкіндіктерін бағалау қажет.

Сонымен қатар Lynn Boreson бағалау сапасы жөнінде келесі көрсеткіштерді жасақтады:

– жеке бағалау оқушы жайында актуальды және функциональды ақпаратты беруі қажет;

– бағалау нәтижесі білім алушының арнайы білім алу құқығын анықтап, сақтау қажет;
– бағалау оқушының білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында толық ақпаратты беруі қажет;

– бағалау нәтижесі оқушының мықты жақтары мен потенциалды даму мүмкіндіктерін анықтау қажет.

Оқушыда мүгедектік болған жағдайда тестілеу мен бағалау құралдары жеке түрде таңдалуы қажет. Оған қоса бағалауға маңызды ақпарат ретінде қарастырылады:

– білім алушыда мүгедектіктің болу шарты;
– білім алушының қазіргі таңдағы ерекше білім алу қажеттілігі мен оқу үлгерімі;
– жағдаятқа байланысты жалпы білім беру бағдарламасын модификациялауға байланысты арнайы білім беру қызметі мен модификациясы;

– ата-ананың баласын бағалауы;
– басқа мекемелердің бағасы (ерте жастан дамыту бағдарламаларын жүргізген мамандар пікірі, жақын арада өткен бағалау);

– оқу үлгерімі;

– пән мұғалімдерінің балаға берген мінездемесі.

Оқу үлгерімі бағаланады:

– мазмұн айта алуы;

– жазу дағдысы;

– оқи алуы;

– математикалық есеп.

Бағалау жүргізгенде оқудағы үлгере алмаушылық когнитивті бұзылысқа байланысты ма, әлде оқушының оқуға көңіл бөлмегендігінен туындаған жағдай ма, соған басты назар аударады [4].

Ал енді Англияның бағалау жүйесіне назар аударып көрсек. Бағалау Ұлттық оқу программасы негізінде жүзеге асырылады және үш кезеңнен тұрады «ерте білім беру», «бастауыш білім беру» және «орта білім беру». Ерте білім беру біздегі мектепке дейінгі білім беруге сәйкес келеді. «Ерте білім беру» бойынша балалардың көпшілігі жыл соңында 6 аймақ бойынша қандай жетістікке жететіндігін бағалайды:

- жеке тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалды даму барысында;
- қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті, тілді меңгеру және сауаттылық;
- математикалық білім;
- қоршаған ортаны тану және түсіну;
- физикалық даму;
- креативтілік.

Мектептің бастауыш сыныбында ерте білім беру бойынша берілген ақпаратты пайдалана отырып, баланың меңгеруіне қиын болған аймақтарына бағалау жүргізіледі. Ұлттық білім беру бағдарламалары оқушылар меңгеруге тиіс білім, білік, дағды деңгейлерін бірінші және екінші кезеңде бағалайды.

Орта білім беру жүйесіне сәйкес ұлттық бағдарлама үшінші және төртінші кезеңді қамтиды. Ұлттық бағдарлама бойынша бағалау жекелеген оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Осы күтілетін жетістік диапазонына жетпеген оқушылар ерекше білім беруді қажет етеді. Ол оқушыларға түрлі альтернативті әдістерді қолдана отырып жүзеге асырылды. Бұл кезеңде бала мүмкіндігіне орай түрлі мамандар тартылуы мүмкін. Ұлыбританияда ерекше білім алуға деген қажеттілікті анықтауға аса назар аударылады, ол тәжірибе Кодексінде көрсетілген:

• бала оқу жетістіктері бойынша өз құрбыларынан қалып бара жатса;
• оқуда материалды меңгерген, бірақ басқа құрбыларымен салыстырғанда оқу нәтижесі төмен деңгейде болса;

• арнайы мамандар көмегі баланы оқу материалы толық түсінуге мүмкіндік береді деп күтілген жағдайда;

• баланың өзіне-өзі көмек көрсете алуы мен жеке дағдыларын меңгеруде туындаған қиындықтар кездессе;

• бала мінез-құлқын түзету керек болған жағдайда.

Сосын баланың әлсіз және мықты жақтарын анықтауға ақпарат жинақталады. Ақпарат баланың өзінен, ата-анасынан, медициналық және әлеуметтік қызметкерлерден жинақталуы мүмкін.

Ерекше білім беру қажеттілігі анықталған жағдайда оларға дифференциацияланған оқу бағдарламасы ұсынылады. Ал мектеп деңгейінде мектеппен қатысы жоқ мамандар қосымша ұсынылуы мүмкін. Көппрофильды маманды қосу туралы шешім барлық оқыту әдістері қолданылса да нәтиже болмағандығы құжат жүзінде расталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Кезектен тыс жағдай ретінде қандай да тексерусіз және бағалаусыз оқушыда ерекше білім алуға деген қажеттілік айқын көрініс табатын болса оған көппрофильды маман тағайындалады. Бұл жерде ерекше білім алу қажеттілігін анықтау және бағалау барлық сыныптарда барлық оқушылармен жүргізіледі [5].

ЕБҚ байланысты жүргізіліп жатқан саясат пен заңнама тұрғысынан Шотландия Ұлыбританияның басқа юрисдикцияларынан білім туралы Заңның енгізілуімен (2004 ж.) және SEN (ерекше білім алуға деген қажеттілік) терминологиясын ASN (адаптивті білім алуға деген қажеттілік) Black 2019 [6] жылы кеңірек анықтамасымен ауыстырумен айтарлықтай ерекшеленді. АБҚ әртүрлі себептерге байланысты туындауы мүмкін: оқушылардың арнайы оқу ортасы, түрлі отбасылық жағдайлар, мүгедектік немесе денсаулық жағдайына байланысты қажеттіліктері, әлеуметтік және эмоционалдық факторлар, олардың әрқайсысы оқушылардың толық әлеуетіне жетуге көмектесу үшін қосымша қолдауды қажет етеді. Riddell, S және басқалар [7] Шотландиядағы АБҚ және Англиядағы ЕБҚ көрсеткіштерінің айырмашылығы негізінен жіктеу мен тіркеудегі айырмашылықтарға байланысты деп санайды. Англияда ЕБҚ анықтау үшін қажеттіліктердің 13 түрі болса, Шотландияда АБҚ шеңберінде оқушылардың, соның ішінде бала күтуші балалар мен жас тәрбиешілердің кең профилін қамтитын 24 оқыту кедергісі бар. ЕБҚ көрсеткіштерінің тіркелген өсуі [8, 141-424 бет] нақты күйлер бойынша деректерді талдау қажеттілігін таап етеді, өйткені ол оқушылардың тәжірибесіне және біліміне әсер етуі мүмкін, тіпті оларда анықталған ЕБҚ болмаса да бағалау қажет.

Бұл критерийлерді толықтыру үшін ЕБҚ бағалау бойынша жүргізілген басқа мемлекеттердің зерттеу жұмыстарын қарастыра кетейік. Ip A., Poon B.T., Hanley G., Guhn M., Oberlander T.F [9, 1301-1310 бет] жүргізген зерттеуінде Британдық Колумбияда туылған 101 739 баланың (2000-2008) ретроспективті когорттық зерттеуін қолдана отырып, ЕБА диагнозымен және басқа да ерекше білім алу қажеттіліктері зерттелген балалардың профилдерін салыстырып көрді және 5 аймақ бойынша бағалау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижесі инклюзивті ортада оқу барысында бұл балаларда осы 5 бағалау аймағының нәтижесі көрсеткендей, оқу барысында қиындықтар туындағаны анықталды. Ол оқу барысында осы 5 аймақ бойынша қосымша түзету жұмыстар жүргізілуі керек дегенді білдіреді. Dale, Brittany A. Bray мен Melissa [10, 1263-1266 бет] АЕБҚ балалардың кең таралуына орай мектеп және клиникалық психологтар диагнозды немесе білім алу құқығын анықтау үшін бағалау бойынша ағымдағы зерттеулерден хабардар болуы керек деп есептейді. Олардың пікірінше бірлескен тәсілдер мектеп психологтарына бағалаудың ең жақсы жоспарын анықтауға, ЕБҚ бар балалардың әртүрлілігі мен олардың инклюзивті қажеттіліктерін түсінуге және балама әдістердің (мысалы, телемедицина) жарамдылығын анықтауға көмектеседі. O'Connor U., Courtney C., Mulhall P., Taggart L [11] ЕБҚ балаларға бағалау жүргізу статистикалық талдау мен бақылау үшін маңызды деп есептейді. ЕБҚ бағалау жүйесі баланың оқуға қол жеткізуде қиындықтары бар-жоғын, мектепте қосымша көмек қажет пе, жоқ па, соны анықтауға арналған дәйекті, кезеңді процесс ретінде белгілі бір процедуралар жүйесін қарастырып, оның маңыздылығын алға тартады.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған тақырып бойынша экспериментальды жұмыс жүргізіліп, математикалық статистка әдісімен зерттеу нәтижесі өңделді. Нормадан ауытқушылықты анықтау үшін біз Колмогорова-Смирнов критерийін қолдандық. Ал 2 экспериментальды топқа салыстармалы анализ жасау үшін Т-Вилкоксон критерийін қолдандық.

Жоғарыда көрсетілген критерийлер мен зерттеу жұмыстарын есепке ала отырып, біз диагностикалық тапсырмалар мазмұнын құрастырғанда келесі критерийлерді негізге алдық. Біздің критерийлер АҚШ пен Ұлыбританияның бағалау критерийлеріне негізделген. Ол Ұлыбританиядағы ерекше білім беру қажеттілігін анықтау, бағалау Early Years Action and Early Years Action Plus for children in early education settings and School Action [4] and School Action Plus for primary and secondary schools [5] құжаттары мен АҚШ-тағы ЕБҚ бағалаудың стандарттарына негізделген. Ол критерийлерге тоқтала кетсек. Біріншіден, балаға қажетті білім беру бағдарламасын ұсынуда бір процедураны негізгі критерий ретінде алмау және ақпараттың жан-жақтан алынуы жатады (ата-ана берген ақпарат, дәрігерлер қорытындысы, мектеп мұғалімдерінің мінездемесі және т.б). Бұл бағалау барысында икемділікке әсер етеді және бала қажеттіктері туралы толыққанды ақпарат алуға көмектеседі. Екіншіден-бағалау баланың сенсорлық, мануальды және сөйлеу тілінің бұзылыстарымен қатар баланың потенциалды мүмкіндіктерін бағалау. Бұл жағдайда педагогтардан және ата-анадан

баланың қызығушылықтары мен басқа саладағы жетістіктері анықталады. Үшіншіден баланы бағалауға жіберу негіз болып есептеледі, егер баланың өзіне-өзі көмек көрсете алуы мен жеке дағдыларын меңгеруде туындаған қиындықтар кездесе, оқуда материалды меңгерген, бірақ басқа құрбыларымен салыстырғанда оқу нәтижесі төмен деңгейде болуы мен мүгедектіктің болуы.

Диагностикалық тапсырмалар келесі негізде құрастырылды:

– бала дамуында бір аймақтың дамуы тізбек бойынша екінші аймаққа әсер етуін негіз етіп алдық. Соған сай диагностика бала дамуы бойынша бірнеше аймаққа жүргізілді. Олар: қимыл-қозғалыс (ұсақ және ірі моторика), когнитивті даму, сөйлеу тілінің қалпы, адаптивті мінез-құлық, өзіне-өзі қызмет ету, әлеуметтенуі, оқи алуы (оқу дәлдігі, тездігі, оқығанын түсіне алуы), жаза алуы, математикалық дағдыларды меңгеру, қоршаған ортаны тану секілді аймақтардан құралады;

– тапсырмалар баланың жас ерекшелігін ескере отырып жасақталды. Диагностикалық тапсырмалар екі блоктан құралады, бірінші блок-баланың даму аймақтарын қамтыса, екіншісі оқу үлгерімін қамтиды. Оқу үлгерімін қамтуда біз бала меңгеруі керек негізгі пәндерді қарастырдық.

Кесте 1. Бағалау аймақтары

Р/с	1-блок. Бала даму туралы ақпарат	2 блок. Оқу үлгерімі
1	Қимыл-қозғалыс (ұсақ және ірі моторика)	Оқи алуы (оқу дәлдігі, тездігі, оқығанын түсіне алуы)
2	Когнитивті дамуы	Жаза алуы
3	Сөйлеу тілінің қалпы	Математикалық дағдылары
4	Адаптивті мінез-құлық	Қоршаған ортаны тану
5	Өзіне-өзі қызмет ету	
6	Әлеуметтенуі	
Ескерту-автормен жасалған		

ЕБҚ балалардың мүмкіндіктерін бағалауда қолданылған тапсырмалар мазмұны.

Кесте 2. 1 блок бойынша тапсырмалар мазмұны

Р/с	1-блок. Бала даму туралы ақпарат	Мазмұны
1	Қимыл-қозғалыс (ұсақ және ірі моторика)	Тепе-теңдікті сақтау Кинестетикалық праксис (қимыл-қозғалыс барысында бұлшықет жиырылуын сезіне алуы) Бірнеше іс-әрекетті жасай алуы Сөздік нұсқау бойынша қимылды үйлестіру.
2	Когнитивті дамуы	Зейіні. Пьерон - Рузер әдісінің модификациясы, П.И. Зинченконың зейінді анықтау әдістемесі Ойлауы. "Еркін жіктеу" әдістемесі Жады. Бұл суреттерде не жетіспейді?» әдістемесі Қабылдауы. "Суреттерде қандай заттар жасырылған?» әдістемесі
3	Сөйлеу тілінің қалпы	Мимикалық бұлшықеттердің жағдайы. Артикуляциялық моториканың жағдайы (еліктеу бойынша қимылдарды орындау) "Суретте айтып бер" әдістемесі "Сөздерді ата" әдістемесі "Ұғымдарды анықтау" әдістемесі «Мұны қалай түсіндірер едіңіз?» әдістемесі Сөйлеу тілінің грамматикалық-лексикалық жағы Фонематикалық процестердің жағдайы (фонемалық есту, талдау, синтез).
4	Адаптивті мінез-құлық	Сипат бойынша бағалау
5	Өзіне-өзі қызмет ету	Сипат бойынша бағалау
6	Әлеуметтенуі	Сипат бойынша бағалау

Кесте 3.2 блок бойынша тапсырмалар мазмұны.

Р/с	2-блок. Оқу үлгерімі туралы ақпарат	Мазмұны
1	Оқи алуы (оқу дәлдігі, тездігі, оқығанын түсіне алуы)	1.Мәтінді түсініп тыңдау. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. Сурет бойынша түсінік айту. 2.Текстті жылдамдыққа оқып шығу
2	Жаза алуы	1.8-9 сөзден тұратын сөздік диктант көлемі, 19-20 сөзден тұратын диктант. 2.Белгілі бір тақырыпқа 3-5 сөйлем құрастыру. 3.Шағын мәтінді есте сақтау (1-2 сөйлем). 4.Каллиграфия ережелерін сақтай отырып, баспа және қолжазба түрінде әріптерді жазу.
3	Математикалық дағдылары	1.1-ден 10-ға дейін сандарды зат мөлшерімен сәйкестендіру. 2. Сандарды өсу және кему ретімен орналастыру. 3. Сандарды ондық көлем негізінде қосу және азайту амалдарын қолдана алу. (Осындай шамада 10-15 қосу және азайту амалдарын орындай алуы). 4.Геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, сәуле, бұрышты бір-бірінен ажырату және атау. 5. Геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, жуан-жіңішке, қалың-жұқа). 6. Өлшем бірліктерін: ұзындық (см, дм)/масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) қолданып, шамаларды өлшеу (өлшем бірліктері қандай жағдайда қолданылатындығын анықтау) 7. Ауыр және жеңіл заттарды топтастыру. 8. Суретке қарап уақытты тап және жаз. Логикалық есеп мысалы 3-4.
4	Қоршаған ортаны тану	1.Өсімдіктердің негізгі бөліктерін суретте көрсету және атау. 2.Жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді сурет бойынша топтастыру. 3.Жануарлар мен өсімдіктердің айырмашылықтарын атап беру. 4.Жабайы және үй жануарларын сурет бойынша топтастыру. 5.Жыл мезгілдерін суретте көрсету, атау және белгілерін айтып беру; адам денесінің негізгі мүшелерін және олардың қызметтерін атау.

Бұл блок бойынша тапсырмалар математика, оқу сауаттылығы, қоршаған ортаны тану пәндері бойынша бала меңгеруі керек негізгі білім-білік дағдыларын қамтиды. Ол жерде осы пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар талданып, негізгісі ғана таңдалынып алынды.

Экспериментке қатысқан балалар саны- 60. Оның ішінде 30 ПМПК жолдамасын алған және бейімделген немесе арнайы бағдарлама арқылы оқитын балалар. Қалған 30 бала жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындыққа тап болған балалар. Олардың бірқатарында алдын ала анықталмаған сөйлеу тілінің бұзылыстары бар екендігін сабақ беру барысында педагогтар байқап, бағалау барысында қосымша ақпарат берілді. Экспериментке балалар Алматы облысында орналасқан екі мектептен алынды. Олар Іргелі ауылында орналасқан Кемертоған орта мектебі мен А.С. Макаренко атындағы орта мектеп.

Кесте 4.Кемертоған орта мектебі

Мектеп атауы	ПМПК жолдамасы бар балалар	Жолдамасы жоқ, мектеп
Кемертоған орта мектебі (1 сынып жалпы саны 22, 1 сынып оқушылар саны-648). Жалпы саны 4619.	21	27

Кесте 5. А.Макаренко атындағы орта мектеп

Мектеп атауы	ПМПК жолдамасы бар балалар	Жолдамасы жоқ, мектеп
А.С.Макаренко атындағы орта мектеп (1 сынып жалпы саны 5, 1 сынып оқушылар саны-) Жалпы саны 331.	9	3

Ал енді блок бойынша ПМПК жолдамасы бар балалар мен жолдамасы жоқ балаларға жүргізілген бағалау нәтижелерін салыстыра қарастырып көрсек.

Бағалау нәтижелері 3 деңгейде қарастырылды.

Жоғары деңгей. Тапсырмалардың барлығын өзі қатесіз орындап шықты.

Орта деңгей. Тапсырмаларды орындауда 3-4 қате жіберді, дегенмен педагог көмегімен дұрстай алды.

Төменгі деңгей. Тапсырмаларды орындауда педагог көмегін қажет етті.

Нәтижелер. Нәтиже көрсеткендей, мектепте бағалаудан өткен балалар ПМПК бағалаудан өткен балаларға қарағанда барлық аймақ бойынша салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіш көрсетіп тұр. Бұл мектепте бағалаудан өткен оқуға қиындығы бар балаларда көбінесе сөйлеу тілі бойынша бұзылыстар бар екендігі анықталып отыр. Олардың арасында сөйлеу тілінде көптеген дыбыстардың жоқтығына байланысты анық сөйлемеу, жазу және оқу барысында ол дыбыстарды алмастыру жиі кездеседі. Сондай-ақ тұтықпа нәтижесінде баланың сұрақтарға жауап беруі, балалармен қарым-қатынасқа түсуі қиындап, оқу материалын сәтті игеруге кедергі келтіріп жатқандығы анықталды. Сабақ үлгерімі төмен балаларда жалпы сөйлеу тілінің дамымауы байқалады. Олар дер кезінде анықталмаған және бала ешқандай маманнан көмек алмауына байланысты, олар сабақ барысында педагогтің сөздерін түсінуі қиын, олар есепті шығару барысында мазмұнының түсінбейді, қоршаған орта жайында түсінігі аз, байланыстырып сөйлей алмайды. Сондықтан да мұндай балалардың сөйлеу тіліне байланысты қиындығының болуына орай оқу үлгерімі төмен. Бұл жағдайда біз сөйлеу тілінің кемістігі мен оқу арасында байланыстың бар екендігіне көз жеткізуімізге болды. Мұнда балаларда бағалау жүргізу барысында когнитивті даму, тірек-қимыл аппараты, адаптивті мінез-құлық, өзіне-өзі қызмет етуде орта, кей жағдайларда жақсы нәтиже көрсеткенімен сөйлеу тіліндегі бұзылыстар оқу үлгеріміне кері әсер еткенін байқауымызға болады.

Кесте 6. 1-блок бойынша бағалау нәтижелері

Р/с	Бағалау аймақтары	ПМПК бағалаудан өткен балалар	Мектепте бағалаудан өткен балалар
Қимыл-қозғалыс			
1	Тепе-теңдікті сақтау	Жоғары-3 (5%) Орта-6 (10%) Төмен-21 (35%)	Жоғары-22 (36,6%) Орта-4 (6,6%) Төмен-4 (6,6%)
2	Бірнеше іс-әрекетті жасай алуы	Жоғары-0 Орта-5 (8,3%) Төмен-25 (41,6%)	Жоғары-17 (28,3%) Орта-6 (10%) Төмен-7 (11,6%)
3	Сөздік нұсқау бойынша қимылды үйлестіру	Жоғары-6 (10%) Орта-9 (15%) Төмен-15 (25%)	Жоғары-17 (28,3%) Орта-8 (13,3%) Төмен-5 (8,3%)
4	Позаны ұстай алуы	Жоғары-0 Орта-20 (33,3 %) Төмен-10 (16,6 %)	Жоғары-10 (16,6%) Орта-14 (23,3%) Төмен-6 (10%)
Когнитивті даму			
1	Зейіні	Жоғары-3 (5%) Орта-10 (16,6%) Төмен-17 (28,3%)	Жоғары-6 (10%) Орта-14 (23,3%) Төмен-10 (16,6%)
2	Ойлауы	Жоғары-0 Орта-12 (20%) Төмен-18 (30%)	Жоғары-6 (10%) Орта-17 (28,3%) Төмен-7 (11,6%)
3	Жады	Жоғары-3 (5%) Орта-16 (26,6%) Төмен-12 (20%)	Жоғары-7 (11,6%) Орта-18 (30%) Төмен-5 (8,3%)
4	Қабылдауы	Жоғары-2 (3,3%) Орта-19 (31,6%) Төмен-9 (15%)	Жоғары-10 (16,6%) Орта-15 (25%) Төмен-5 (8,3%)
Сөйлеу тілінің дамуы			
1	Артикуляциялық аппарат қалпы	Жоғары-12 (28,3%) Орта-10 (28,3 %) Төмен-14 (23,3%)	Жоғары-19(31,6%) Орта-5(8,3%) Төмен- 6(10%)
2	Сөйлеу тілін түсіну	Жоғары-7 (11,6%) Орта-10 (16,6%) Төмен-17 (28,3%)	Жоғары- 9 (15%) Орта- 20 (33,3%) Төмен-1 (1,6%)
3	Сөйлеу тілінің лексико-грамматикалық құрылымы	Жоғары-9 (15%) Орта-1 (1,6%) Төмен-25 (41,6%)	Жоғары- 17 (28,3%) Орта-4 (6,6%) Төмен-9 (15%)
4	Фонематикалық есту қалпы	Жоғары-10 (16,6%) Орта-9 (15%) Төмен-21 (35%)	Жоғары- 20(33,3%) Орта-8 (13,3%) Төмен-2 (3,3%)
5	Байланыстырып сөйлеу тілі	Жоғары-7 (11,6%) Орта-4 (6,6%) Төмен-19 (31,6%)	Жоғары- 17(28,3%) Орта- 5(8,3%) Төмен- 8(13,3%)
6	Дыбыс айту қалпы	Жоғары-5 (8,3%) Орта-13 (21,6%) Төмен-12 (20%)	Жоғары- 3(%) Орта- 14(23,3%) Төмен-13(21,6%)

Ал әлеуметтену, адаптивті мінез-құлық пен өзіне-өзі қызмет студі бағалау бұзылыстың бар-жоғын берілген тізім бойынша жүргізілуіне орай нәтиже келесідегідей болды.

Кесте 7. 1-блок бойынша бағалау нәтижелері

Р/с	Бағалау аймақтары	ПМПК бағалаудан өткен балалар	Мектепте бағалаудан өткен балалар
2	Әлеуметтенуі	6 бала (10%)	7 (23,3%)
3	Өзіне-өзі қымет ету	11 (18,3%)	2 (5%)
4	Адаптивті мінез-құлық	10 (16,3%)	3 (6%)

Кесте 8. 2-блок бойынша бағалау нәтижелері.

Р/с	Бағалау аймақтары	ПМПК бағалаудан өткен балалар	Мектепте бағалаудан өткен балалар
2	Оқуы	Жоғары- 0 Орта- 5 (8,3%) Төмен-25(41,6%)	Жоғары-1 (1,6%) Орта-7(11,6%) Төмен-22(36,6%)
3	Жазуы	Жоғары- 0 Орта-4 (6,6%) Төмен-26 (43,3%)	Жоғары-0 Орта-9(15%) Төмен-21(35%)
4	Қоршаған ортаны тану	Жоғары-5 (8,3%) Орта- 11(18,3%) Төмен-14 (23,3%)	Жоғары-7(11,6%) Орта-17 (28,3%) Төмен-6(10%)
5	Математика	Жоғары- 3(5%) Орта-10(16,6%) Төмен-17 (28,3%)	Жоғары-5 (8,3%) Орта- 12(20%) Төмен-13 (21,6%)

Нормадан ауытқушылықты анықтау үшін біз Колмогорова-Смирнов критерийін қолдандық. Нәтижесі кесте 9 көрсетілген.

Кесте 9. ПМПК бағалауынан өткен балалар үшін Колмогоров-Смирнов критерийінің мәні

Шкала атауы	Критерийдің эмпирикалық мәні
Қимыл-қозғалыс	0.592
Психикалық даму қалпы	0.701
Сөйлеу тілінің қалпы	0.616
Оқу үлгерімі	0.592

"Қимыл-қозғалыс" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормаға сай емес ($Z=0.592$, $p<0,001$).

"Психикалық даму қалпы" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормадан өзгеше ($Z=0.701$, $p<0,001$).

"Сөйлеу тілінің қалпы" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормадан ауытқыған ($Z=0.616$, $p<0,001$).

"Оқу үлгерімі" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормаға сай емес ($Z=0.592$, $p<0,001$).

Таралудың қалыпты жағдайын зерттеу үшін Колмогоров-Смирновтың критерийі қолданылды. Деректер кестеде берілген.

Кесте 10. Мектепте бағалаудан өткен балалар үшін Колмогоров-Смирнов критерийінің мәні

Шкала атауы	Критерийдің эмпирикалық мәні	Бағалау мәні
Қимыл-қозғалыс	0.806	0***
Психикалық даму қалпы	0.798	0***
Сөйлеу тілінің қалпы	0.770	0***
Оқу үлгерімі	0.744	0***

* - $p < 0,05$
 ** - $p < 0,01$
 *** - $p < 0,001$

"Қимыл-қозғалыс" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормадан ауытқыған ($Z=0.806$, $p < 0,001$).

"Психикалық даму қалпы" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормаға сай емес ($Z=0.798$, $p < 0,001$).

"Сөйлеу тілінің қалпы" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормадан өзгеше ($Z=0.77$, $p < 0,001$).

"Оқу үлгерімі" шкаласы бойынша деректердің таралуы нормадан өзгеше ($Z=0.744$, $p < 0,001$).

Колмогоров-Смирнов критерийі бойынша ПМПК бағалаудан өткен балалар мен мектепте бағалаудан өткен балаларда 4 шкала бойынша нормадан ауыту анықталды, ол бұл балаларға оқу барысында қосымша көмек талап ететіндігін көрсетеді.

"ПМПК бағалауынан өткен балалар" тобы мен "Мектепте бағаладан өткен балалар" тобын салыстыру үшін Т-Вилкоксон критерийі қолданылды. Деректер кестеде берілген.

Кесте 11. Т-Вилкоксона критерийінің мәні

Шкала атауы	«ПМПК бағалауынан өткен балалар» тобының орта мәні	«Мектепте бағалаудан өткен балалар» тобының орта мәні	Критерийдің эмпирикалық мәні	Бағалау мәні
Қимыл-қозғалыс	1.367	2.133	0	0***
Психикалық даму қалпы	1.467	1.800	0	0.002**
Сөйлеу тілінің қалпы	1.467	1.867	0	0.001***
Оқу үлгерімі	1.367	1.633	0	0.005**

* - $p < 0,05$
 ** - $p < 0,01$
 *** - $p < 0,001$

"ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобы мен "мектепте бағалаудан өткен балалар" тобы ($U=0$, $p < 0,001$) арасында "қимыл-қозғалыс" шкаласында айтарлықтай айырмашылықтар бар. " ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобында орташа мәні 1.367-ге тең, бұл жерде "мектепте бағалаудан өткен балалар тобының орташа мәні 2.133-ке тең.

"ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобы мен "мектепте бағалаудан өткен балалар" тобы арасында "психикалық даму позасы" шкаласы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар ($U=0$, $p < 0,01$). " ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобында орташа мәні 1.467-ге тең, бұл " мектепте бағалаудан өткен балалар" тобының орташа мәнінен 1.8-ге тең.

"ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобы мен "мектепте бағалаудан өткен балалар" тобы ($U=0$, $p < 0,001$) арасындағы "сөйлеу тілінің қалпы" шкаласы бойынша айырмашылықтар анықталды. "ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобындағы орташа мән ($X=1.467$)" мектепте бағалаудан өткен балалар" тобының орташа мәнінен аз ($X=1.867$).

"ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобы мен "мектепте бағалаудан өткен балалар" тобы ($U=0$, $p < 0,01$) арасындағы " оқу үлгерімі" шкаласы бойынша айырмашылықтар анықталды. " ПМПК бағалаудан өткен балалар" тобындағы орташа мән ($X=1.367$) "мектепте бағалаудан өткен балалар" тобының орташа мәнінен аз ($X=1.633$).

Талқылау. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей бірінші сынып оқушыларының арасында анықталмаған сөйлеу тілі бұзылыстарының көп кездесетіндігі анықталып отыр. Ол өз кезегінде оқу үлгерімі мен оқу материалын меңгеруге кер әсерін тигізуде. Brimo және Dinkler [12] сөйлеу тіліндегі бұзылыс балалық шақтағы психологиялық әл-ауқаттың бірқатар мәселелерімен байланысты болады деп есептейді. Алайда, кейбір мінез-құлық проблемаларын қоспағанда, психологиялық әл-ауқат проблемалары мектепке барғаннан кейін ғана басталатын сияқты, өйткені мектептер бұл қиындықтарды жеңілдетудің орнына қиындықтарды тудырады немесе оларға ықпал етеді деп болжайды. Олар сөйлеу тіліндегі бұзылыс көбінесе гипербелсенділік сияқты жүйке дамуының басқа

бұзылыстарымен сәйкес келетінін растады және "оқшауланған диагностикалық санаттардан тыс ілеспе мәселелердің мінез-құлық профилдеріне өтуді" қолдайтындығын анықтады.

Rose [13, 10 бет] негізінен сөйлеу тіліндегі бұзылысты анықтау мен түзету жұмысын жүргізуде балаларда когнитивті қиындықтар бар екендігін көрсетеді. Бұл контекстегі таным фонологиялық және визуалды өңдеуге, жұмыс жадына, өңдеу жылдамдығына қатысты. Сөйлеу тілінің бұзылысында көбінесе фонологиялық қиындықтар кездеседі. Жақында жүргізілген зерттеу [14] фонологиялық қабілеттердегі жеке айырмашылықтарды зерттеу және декодтау, сөздерді тану және түсіну қиындықтарының сәйкес болжаушыларын анықтау маңыздылығын көрсетеді.

Жалпылай келе, ЕБҚ балаларды анықтауда бастауыш сынып педагогтарының маңызы зор. Zhansulu, S және басқалары [15] жүргізген зерттеу нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды интеграциялау бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі оқыту, диагностика және бағалау, ынтымақтастық және әлеуметтену әдістерінің кіші диапазонында орта деңгейде екендігі анықталды. Зерттеу 2021-2022 оқу жылында Қазақстан, Алматы қаласындағы 320 бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында жүргізілді. Зерттеу деректері зерттеуші әзірлеген ерекше білім беру қажеттіліктері бар инклюзивті ортада білім алатын оқушыларға арналған мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік шкаласы арқылы жинақталған болатын.

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілген зерттеулерге сүйене отырып, біз бағалауды жүргізгенде келесі критерийлерді қолдана аламыз: тапсырмаларды жасақтағанда бағалау аймақтарының кеңдігі (мысалға алатын болсақ, бағалау тек сөйлеу немесе когнитивті дамуы мен оқу үлгерімін анықтаумен ғана шектелмей бірнеше аймақты қамту қажет), мамандардың ағымдағы жаңа зерттеу жұмыстарының мазмұнымен таныс болуы, бағалаудың бірлескен түрде жүзеге асырылуы және бірнеше маманның қатыстырылуы, баланың тілдік мүмкіндіктерін есепке алу (мысалы оқушы математикадан дарынды бола тұрып, өз ойын сөзбен дұрыс жеткізе алмауы мүмкін).

Бағалау барысында анықталған мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне орай білім келесідегідей ұсыныс беруге болады:

– барлық оқушылар үшін оң және қолайлы жағдай жасау ЕБҚ бағалау нәтижесін оқу процессін жоспарлауда қолдану;

– оқушылардың әлсіз тұстарын дамыту мақсатында көрсетілетін көмек түрлерін айқындау;

– білім беру барысында оқушының мықты тұстарына сүйену;

– педагогтердің барлығын инклюзивті білім беру бойынша, соның ішінде ЕБҚ балаларды оқыту бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткізу. Осы өзекті мәселе бойынша Қазақстанда жүргізілген зерттеу жұмыстарында Жубакова және Байменова [16, 106-110 бет] болашақ маманның инновациялық технологияларды терең меңгеруі, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыра алуы, педагогикалық фактілерді болжай білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы, кедергісіз, қолжетімді орта құруы мен балалардың мүмкіндіктерін болжай алуы маңыздылығын атап өтті.

Қорытындылай келе, ЕБҚ балаларды бағалау мен олардың қажеттіліктеріне орай білім беру арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан жалпы білім беру ұйымдарында ЕБҚ бағалау белгілі бір критерийлерге сай жүргізілген өте маңызды.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтарындағы 4 бұйрық. [Электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (қаралған күні 07.05.2022).

2. [Электронды ресурс] <https://ldaamerica.org/info/evaluating-children-who-have-been-referred-to-determine-eligibility-for-special-education-services-and-requirements-for-reevaluation/> (қаралған күні 12.03.2022).

3. *Special Education Eligibility Criteria and Evaluation for Other Health Impairment (OHI) August 2009. Compiled by Lynn Boreson Consultant for OHI, Wisconsin Department of Public Instruction (WDPI) [Электронды ресурсы] https://www.google.com/search?sxsrf=APq-WBs8EwUqWlqA668m_H0E59LJ_xdPoExg:1646138067143&q=criteria+for+evaluating+special+educational+needs&spell=1&sa=X&ved=2ahUKewjG4fiV9qT2AhUrl4sKHQEqDdMQBSgAegQIARA2&biw=1536&bih=664&dpr=1.25 (қаралған күні 17.01.2022)*
4. *Early Years Action and Early Years Action Plus for children in early education settings and School Action. [Электронды ресурсы] <https://www.rbkc.gov.uk/children-and-education/children-and-family-services/early-years-action>*
5. *<https://contact.org.uk/help-for-families/information-advice-services/education-learning/education-in-wales/school-action-school-action-plus/> (қаралған күні 12.03.2023)*
6. *Black, A. 2019. "A Picture of Special Educational Needs in England-An Overview." *Frontiers in Education. Frontiers Media S.A* 4: 79. doi:10.3389/FEDUC.2019.00079/BIBTEX*
7. *Riddell, S., Gillooly, A., Harris, N., Davidge, G. 2019. *Autonomy, Rights and Children with Special Needs: A New Paradigm? The Rights of Children with Special and Additional Support Needs in 14 U. O'CONNOR ET AL.**
8. *McConkey, R. 2020. *The Increasing Prevalence of School Pupils with ASD: Insights from Northern Ireland. European Journal of Special Needs Education, 35(3), 414–424. 10.1080/08856257.2019.1683686**
9. *Ip, Angie Poon, Brenda T. (23985449700); Hanley, Gillian; Guhn, Martin; Oberlander, Tim F. *Developmental profiles of children at risk for autism spectrum disorder at school entry(2022) Autism Research, 15 (7), pp. 1301 – 1310. DOI: 10.1002/aur. 2742*<https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85130458802&doi=10.1002%2faur.2742&partnerID=40&md5=2c221c90eb73e7062f4ccc36de251b45>*
10. *Dale, Brittany A. Bray, Melissa A. *Collaborative approaches to autism spectrum disorder assessment(2022) Psychology in the Schools, 59 (7), pp. 1263 - 1266, DOI: 10.1002/pits.22727 [Электронды ресурсы] <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85129967902&doi=10.1002%2fpits.22727&partnerID=40&md5=9c02de8ba49ff4839467e2cfcf9e37e1> (қаралған күні 13.01. 2023)**
11. *O'Connor, Una & Courtney, Caroline & Mulhall, Peter & Taggart, Laurence. (2022). *The prevalence of special educational needs in Northern Ireland: A comparative analysis. European Journal of Special Needs Education. 1-15. 10.1080/08856257.2022.2127082.**
12. *Brimo, K., Dinkler, L., Gillberg, C., Lichtenstein, P., Lundström, S. and Asberg Johnels, J. (2021) *The co-occurrence of neurodevelopmental problems in dyslexia. Dyslexia, 27, 277– 293. <https://doi.org/10.1002/dys.1681>.**
13. *Rose J. (2009) *Identifying and Teaching Children and Young People with Dyslexia and Literacy Difficulties. [Online at <https://webarhive.nationalarchives.gov.uk/20130102194930> [Электронды ресурсы] /<https://www.education.gov.uk/publications/eOrderingDownload/00659-2009D-OM-EN.pdf>. (қаралған күні 08.11.2022)**
14. *Mundy, I.R. and HANNANT, P. (2020) *Exploring the phonological profiles of children with reading difficulties: a multiple case study. Dyslexia, 26, 411– 426. <https://doi.org/10.1002/dys.1667>**
15. *Zhansulu, S., Batima, T., Temirov, K., Shalgynbayeva, K., Shamurat, O., & Mukhamedzhanov, B. (2022). *Supporting children with special educational needs as a socio-pedagogical problem. Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(7), 2262-2273. doi:10.18844/cjes.v17i7.7692**
16. *Жубакова С.С., Байменова Б.С. *Инклюзивті білім беру үрдісінде болашақ мамандардың құзыреттілігін дамыту. » Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы №4 (68), 2020 ж. 106-110. [Электронды ресурсы] <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/252> (қаралған күні 12.03.2022)**

References:

1. *QR "Erekshe bilim berý qajettilikterin bagalayı qagıdalaryn bekity tyraly" 2022 jylgy 12 qaıтарындағы 4 buuryq. [Electronic resource] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (qaralghan kuni 07.05.2022)*
2. *[Electronic resource] <https://ldaamerica.org/info/evaluating-children-who-have-been-referred-to-determine-eligibility-for-special-education-services-and-requirements-for-reevaluation/> (qaralghan kuni 12.03.2022)*

3. *Special Education Eligibility Criteria and Evaluation for Other Health Impairment (OHI) August 2009. Compiled by Lynn Boreson Consultant for OHI, Wisconsin Department of Public Instruction (WDPI) [Electronic resource] <https://www.google.com/search?sxsrf=APq-WBs8EwUqWlqA668mH0 E59LjxdPoExg:1646138067143&q=criteria+for+evaluating+special+educational+needs&spell=1&sa=X&ved=2ahUKEwjG4fiV9qT2AhUrl4sKHQEqDdMQBSgAegQIARA2&biw=1536&bih=664&dpr=1.25> (qaralğan kuni 17.01.2022)*
4. *Early Years Action and Early Years Action Plus for children in early education settings and School Action. [Электронды ресурсы] <https://www.rbkc.gov.uk/children-and-education/children-and-family-services/early-years-action>*
5. [Electronic resource]<https://contact.org.uk/help-for-families/information-advice-services/education-learning/education-in-wales/school-action-school-action-plus/> (qaralğan kuni 12.03.2023).
6. Black A. 2019. "A Picture of Special Educational Needs in England—An Overview." *Frontiers in Education. Frontiers Media S.A* 4: 79. doi:10.3389/FEDUC.2019.00079/BIBTEX.
7. Riddell S., Gillooly A., Harris N., Davidge G. 2019. *Autonomy, Rights and Children with Special Needs: A New Paradigm? The Rights of Children with Special and Additional Support Needs in 14 U. O'CONNOR ET AL.*
8. McConkey R. 2020. *The Increasing Prevalence of School Pupils with ASD: Insights from Northern Ireland. European Journal of Special Needs Education, 35(3), 414–424. 10.1080/08856257.2019.1683686*
9. Ip, Angie Poon, Brenda T. (23985449700); Hanley, Gillian; Guhn, Martin; Oberlander, Tim F. *Developmental profiles of children at risk for autism spectrum disorder at school entry(2022) Autism Research, 15 (7), pp. 1301 – 1310. DOI: 10.1002/aur.2742*<https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85130458802&doi=10.1002%2faur.2742&partnerID=40&md5=2c221c90eb73e7062f4ccc36de251b45>
10. Dale, Brittany A. Bray, Melissa A. *Collaborative approaches to autism spectrum disorder assessment(2022) Psychology in the Schools, 59 (7), pp. 1263 - 1266, DOI: 10.1002/pits.22727* [Electronic resource]<https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85129967902&doi=10.1002%2fpits.22727&partnerID=40&md5=9c02de8ba49ff4839467e2cfcf9e37e1> (qaralğan kuni 13.01.2023).
11. O'Connor, Una & Courtney, Caroline & Mulhall, Peter & Taggart, Laurence. (2022). *The prevalence of special educational needs in Northern Ireland: A comparative analysis. European Journal of Special Needs Education. 1-15. 10.1080/08856257.2022.2127082.*
12. mBrimo, K., Dinkler, L., Gillberg, C., Lichtenstein, P., Lundström, S. and Asberg Johnels, J. (2021) *The co-occurrence of neurodevelopmental problems in dyslexia. Dyslexia, 27, 277– 293. <https://doi.org/10.1002/dys.1681>.*
13. Rose J. (2009) *Identifying and Teaching Children and Young People with Dyslexia and Literacy Difficulties. [Online at <https://web.archive.nationalarchives.gov.uk/20130102194930> [Electronic resource] /<https://www.education.gov.uk/publications/OrderingDownload/00659-2009D-OM-EN.pdf>. (qaralğan kuni 08.11.2022).*
14. Mundy, I.R. and HANNANT, P. (2020) *Exploring the phonological profiles of children with reading difficulties: a multiple case study. Dyslexia, 26, 411– 426. <https://doi.org/10.1002/dys.1667>*
15. Zhansulu, S., Batima, T., Temirov, K., Shalgybayeva, K., Shamurat, O., & Mukhamedzhanov, B. (2022). *Supporting children with special educational needs as a socio-pedagogical problem. Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(7), 2262-2273. doi:10.18844/cjes.v17i7.7692*
16. Jýbakova C.S., Baimenova B.S. *Inklúzivti bilim berý úrdisinde bolashaq mamandardyń quzyrettiligin damytý. "Abai at. Qazupý Habarshysy "Pedagogika ғылымдары" seriesy №4 (68), 2020 j. 106-110. [Electronic resource] <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/252> (qaralğan kuni 12.03.2022).*